

## ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА

**Шолпан Сапарбай қызы,**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты,  
қауымдаст. профессор м.а., Ш.Есенов  
атындағы Каспий технологиялар және  
инжиниринг университеті*

Мағжан Жұмабаев «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» дейді. Бала тәрбиесі ауыр өнер болмаса жер бетінде жамандық, зұлымдық, қылмыс болмаған болар еді. Біз қозғағалы отырған Жаһандану, кейде оның тасасында қалып қойып жатырған ұлттық құндылықтар жөнінде аз айтылып жүрген жоқ, ол өзектілігін жоймайынша айтыла бермек.

«Жаһандану» ағылшын тіліндегі «global» - «дүниежүзілік», «әлемдік» деген мағынаны білдіреді. Осы мағыналық тұрғыда жаһандану – біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру үдерісіне ілесу, бүкіл әлемді қамтыған өзгерістердің жиынтығы деп те түсіндіріледі.

Зерттеушілер ғаламшардың жаһандануын экономикалық, ақпараттық-коммуникациялық, мәдени, этникалық т.б. бірнеше бөліктерден тұратын өте күрделі үдеріс деп қарайды. Философ, ғалым А.Айталы «Жаһандануды бірыңғай тек жағымды құбылыс деуге болмайды. Глобализм, әлемнің тұтастығын, өзара тәуелділігін, өзара икемділігін санаға сіңіреді. Жаһандану мемлекеттердің экономикасына емес, адамдардың ішкі дүниесіне, ақыл-парасатына, ұлттық болмысын билеуге дейін ықпал етуде» дейді [1].

Жаһанданудың ықпалы жөнінде филол.ғ.д., профессор Д. Ысқақұлы « ... экономикасы дамыған Батыстың алдында жаңадан жанданып келе жатқан Азия, Африка, Латын Америкасы елдері мәжбүрлікпен тізе бүгіп, ұлттық байлықтарынан, рухани құндылықтарынан айрыла түсуде. Жер бетінде билік жүргізгісі келгендер бұл мақсатына тек қарудың күшімен жете алмастарына көздері жетіп, оған жаңа жол іздеп, оны тапқандай да болды. Ол жол – адамның миын, сана-сезімін жаулап алу арқылы бағындыру. Ал, сана-сезім дегеніміз – тіл, сол тіл арқылы қалыптасқан дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениет, білім-ғылым, бір сөзбен айтқанда, адамның рухани өмірін қамтамасыз ететін компоненттер жиынтығы» деп анықтама береді [2].

Саясаттанушы ғалым, профессор С. Борбасов «Әлемдік жаһандану үрдістері жүздеген халықтардың этнос ретінде өздерінің ұлттық келбеттерін, дінін, реңкін, тілдерін сақтауына мүмкіндік бермейді. ХХІ ғасыр аз санды этностардың

ассимиляциялануы, жоғалып кетуі процесі жылдамдайтын ғасыр болатын сыңайы бар» деп тұжырымдайды [3].

Жаһандандық проблемеларды зерттеуші А. Арыстанбекова «Бүгінгі өзара тәуелді әлемде жаһандану процесінен қорғану, қарсы тұру немесе онымен күресу мүмкін емес» дейді [4].

Жалпы экономикалық, қаржылық, саяси, әлеуметтік-мәдени, рухани экспансия бүгін басталған жоқ. Жаһандану - «глобализация», «глобализм» ұғымдары АҚШ-та ХХ ғасырдың 80-шы жылдарынан бастап қолданылып, «Біртұтас экономика», «Шекарасыз әлем», «Біртұтас әлем» деген сияқты тақырыптармен алғашқы еңбектері жарық көре бастаған екен. Осы саланы зерттеуші ғалымдар әлемде бес-алты ғана тіл қалып, батыстық мәдениет, американдық өмір салты үстемдік құрады деген болжамдарды да айтуда.

**Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерінен түйгеніміз:** Жаһандану – бұл бүгінгі әлемдегі бәсекеге қабілеттілік, [техника және технологиялардың](#) дамуы ғана емес, әлемдік медиакеңістіктегі жағдайлар алдын ала болжауға келмейтіндігімен, технологиялық инновацияларды енгізудің шапшаң-дығымен, қашықтықтан басқару мүмкіншілігінің басымдығымен, мульти-медиялығымен, интерактивтілігімен, электронды медианың басымдылығымен ерекшеленуде.

Сондай-ақ, ұлттық болмысымыз бен мәдениетіміздің, тіл мен ділдің жоғалту қаупін туғызуда, оларды сақтап қалу үшін орасан зор күш-жігер жұмсау қажеттілігі де айқындалуда.

Соңғы кездері жастар арасындағы менменшілдік психологияны, өзімшілдік эгоизмді, еңбексіз байлыққа ұмтылуды, өз қамын ғана ойлау т.б. келең-сіздіктерді, рухани құндылықтардың материалдық құндылыққа айналып бара жатқанынан байқау қиын емес. Оны ұлт жанашыры, академик Рахманқұл Бердібай «Ғаламданудың мақсаты – халықты тарихынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан бездіріп, дүниеге көзқарасын өзгертіп жіберу.

Ғаламдану идеологтары жас қауымды тек қарнының тоқтығын, киімінің бүтіндігін ойлайтын мәңгүрт студі көздейді» деген тұжырымы жаһандану ықпалын делелдей түседі .

Ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу әлеуметтік мәселе, оны шешу үшін тек отбасы мен мектептің үкімет тарапынан да жан-жақты қолдауды қажет етеді. Ұлттық құндылықтардың құнсыздануы:

отбасы құндылықтарының бұзылуы: салт-дәстүрді құрметтемеу, адамгершілік, сыйластықтың бұзылуы. Ата-анаға құрмет көрсетпеу, перзент-тік парызды түсінбеу [5].

Жастар мен жас өспірімдер арасында батыстық құндылықтардың алға шығуы, отбасылық дағдарыстардың, жауапсыздық сезімдердің белең алуы, жоспарланбаған сәбилердің дүниеге келуі, айырылысу, неке тұрақтылығынан бас тарту, некесіз бала туылу т.б. ХХІ ғасырдың отбасы институтының елеулі және қайталанбас өзгерістерге ұшырағанын байқатуда.

Статистикаға жүгінсек:

Атаулары	Уақыт кезеңі	Саны	Дерек көз
Отбасының бұзылуы	2020ж. жарты жылында	12747мың жұп ажырасқан	© Tengrinews.kz / Әлихан Сариев
Қарттар үйі	2019 ж. 1 қаңтар	ҚР зейнеткерлер саны елімізде 12 485-ке жетті.	<a href="https://www.inform.kz/ru">https://www.inform.kz/ru</a>
Жасөспірім қыздардың жүктілігі	2020ж.	1600 жағдай тіркелген	( <a href="https://ekonomist.kz/kz/iskakova/oz-ergen-qundylyqtar">https://ekonomist.kz/kz/iskakova/oz-ergen-qundylyqtar</a> )
Бір жыныстылар (ЛГБТ)	2016	Алматы қаласындағы гей-парадта 80 адам қамауға алынған.	Ресми түрде тіркелмегендіктен нақты саны белгісіз
Өз-өзіне қол жұмсау әрекеті	2019ж	Ер адамдар 2,8 мың , әйелдер арасында 1,9 мың . 180 кәмелетке толмағандар	Ranking.kz
Жастар арасындағы сленг сөздерге зерттеулер нәтижесі		Жігіттердің 50 пайызы, қыздардың 33 пайызы күнделікті өмірде қолданады екен.	<a href="https://massaget.kz/lavfstayl/sport/bu-kyzyk/43000/">https://massaget.kz/lavfstayl/sport/bu-kyzyk/43000/</a>

Өкінішке қарай, Қазақстанда суицид көрсеткіші жоғары 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Оның алдын алу бойынша ҚР Үкіметі түрлі шараларды ұйымдастыруда. Ата-ана мен бала арасындағы әлсіз қарым-қатынас, белгілі бір тәртіппен бақылаудың болмауы, отбасында баланың үнемі іс-ірекеттерінің төмен бағалануы кері әсерін тигізіп, баланың ішкі жан дүниесін дағдарысқа ұшыратуы да себеп екені сөзсіз. Деректерде соңғы 10 жылда Қазақстанда жетім, тастанды балалар үйінің саны 3 есе артқандығы көрсетілген. Ата -анасынан айрылған балалар саны 96 мыңға жеткен.

**Жастар арасындағы қылмыс:** елімізде кәмелетке толмағандардың 57 пайызы тонау, ұрлық жасау, бопсалау т.б. қылмысқа барады екен. Мамандар оның себебін

жасөспірімдердің ғаламтордан, әлеуметтік желілерден жағымсыз ақпараттар алып, зорлық-зомбылыққа толы фильмдер көруінен, отбасындағы әлеуметтік жағдайларға, ата-ананың бақылау жасамауынан, психологиялық дағдарыстардан т. б. факторлар әсер етуі мүмкін дейді. Психологтардың айтуы бойынша бала қажеттілігін сұрайды, қажеттілігі орындалмаған жағдайда жылайды, жылағанға болмаса тартып алады, зорлық-зомбылыққа барады дейді. Қазақстан Республикасы бойынша кейіегі 1 жылдың өзінде 27460 адам сотталған, оның 422 кәмелетке толмағандар. Ал, әйелдер арасында 2540 сотталған. Соңғы 15-20 жылдың арасында қазақ отбасында жағымсыз әрекеттердің күрт көбейуі, бір қолымен бесік тербететін, екінші қолымен әлемді тербететін арулардың қылмыс жасап сотталуы алаңдатарлық, арнайы зерттеуді қажет ететін жағдай деп ойлаймыз

Өкінішке орай, балаларымыз виртуалды әлемнің құлы деуге болады. Виртуалды шындық дегеніміз – техникалық құралдар және программалық жасақтамалардың көмегімен жасалынған, адамға көру, есту, сезу т.б. сезімдері арқылы берілетін жасанды әлем. Техникалық құралдар арқылы адамға таңғажайып сезімдерді беретін виртуалды шындық) атыс-шабыс, шым-шытырық ойындар, біз айтатын адамгершілік, рух дегеннен ада мультфильмдер, кино, ақпараттар ағыны, жастардың мінез-құлқына, ойлау, сөйлеу, киіну, мәдениетіне қатты ықпал етуде.

**Шешу жолдары:** «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» отбасында ұлттық құндылықтарды бойына сіңірмеген, ұлағатты тәрбие алмаған жастан ұлтын сүйер азамат шығуы неғайбіл! Біз келтірген сандық деректердің нәтижесі отбасындағы ұлттық құндылықтардың құнсыздануының (Ата-ананың, салт-дәстүрдің құрметтелмеуі, адамгершілік, сыйластықтың бұзылуы, перзенттік парызды түсінбеушілік) көрінісі.

Адамзатқа табиғаттан берілетін **ең асыл**, ұлы құндылықтар: **Тіл, Ұят, Ар, Абырой** деп санаймыз. Тіл – ұлттың басты құндылығы, ұлттың жаны, мемлекеттіліктің негізі. Тіл - ұлттың дүниетанымын білдіретін, ұлттың интеллектуалдық әлеуетіне қалыптасуына ықпал ететін маңызды фактор. Тіл - ұлтты ұйыстыратын, ұлттық код пен ұлттық сананың, сан ғасырлық тарихи ақпараттың қоймасы. Ұрпақ сансына тілдің осындай теңдесіз байлық екенін, тіл қымбат екенін, ұлт үшін ақиқаттан аттауға болмайтын санасына сіңіре беру міндетіміз. Жүсіп Баласағұн адамды «Бар бәледен ұят сақтайды. Барлық жақсы істің байламы да ұятта» дейді. «Өлімнен ұят күшті», «Ұятсызда иман жоқ», «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы», «Жарлы болсаң да, арлы бол» т.б. тәрбиелік мәні жоғары тәрбие құралдарынан (мақал-мәтелдерден)

байқау қиын емес. Бір ғана «ұят болады» деген адам абыройының өлшемі жас ұрпақты қаншама әдепсіз қылықтардан сақтап, тәрбиелеп келді.

Отбасында бала тәрбиесінде осындай тілдік құндылықтар арқылы қалыптасатын ұлттық болмысымызды босаңсытпауымыз керек.

Қорыта айтатын болсақ, Жаһандану ықпалындағы ұлттық құндылықтардың құнсыздануын жаңғырту ата-ана мен мұғалімнің қолында. Ұлтты сауат-тандыратын, ұлтқа ұстаздық ететін тек мұғалімдер! Ұлттық рухани құндылықтарымызды құнсыздандырмау, оған үлес қосу, күресу қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілікпен қарайтын, азаматтық парыз десек артық емес.

### Әдебиеттер:

1. Айталы А. Ұлттану: оқу құралы. [Nationalization: Study Guide] – Алматы: Арыс, 2000. – 226 б.
2. Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері [Features of the development of the Kazakh mentality]. – Астана, 2005. – 287 б.
3. Борбасов С. «Қазақстандық ұлт» туралы. «sarap.kz» порталы. 13.12.2013
4. Арыстанбекова А.. Глобализация. Алматы, 2007, 294-бет)
5. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау: оқу құралы [Ethnocultural interpretation: Study Guide]. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
6. «Дәстүр қуаты», А., 2005, 47-бет
7. © Tengrinews.kz / Әлихан Сариев
8. <https://www.inform.kz/ru>